



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

20.02.2026 ж.

№ 9, 7-т.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының мүшелік ұйымдарының қызметін жыл сайынғы бағалау жүйесінің 2025 жылғы қорытындысы туралы.

Кәсіподақ ОК аппаратының ұйымдастыру жұмысы бөлімінің басшысы Е.С. Иманбаевтың мүшелік ұйымдардың қызметін жыл сайынғы бағалау қорытындысын шығару жөніндегі ақпаратын тыңдап, талқылай отырып, Атқару комитеті бұл шара кәсіподақ ұйымдарының оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім саласы қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау, салалық кәсіподақ қозғалысын одан әрі дамыту мен нығайту бойынша кәсіподақ ұйымдары жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталғанын, сондай-ақ барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары қызметінің негізгі көрсеткіштерінің өсуіне оң әсерін тигізіп жатқанын атап өтеді.

Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары қызметін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы ережесінің 4.4-тармағына сәйкес Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының мүшелік ұйымдарының қызметін жыл сайынғы бағалау жүйесінің 2025 жылғы қорытындылары бекітілсін. (Бағалау критерийлері қоса беріледі).

I орын – «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық ұйымы» ҚБ (жалпы ұпай саны – 100 201);

II орын – «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Қызылорда облыстық ұйымы» ҚБ (жалпы ұпай саны – 39 440);

III орын – «Жамбыл облысы оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ (жалпы ұпай саны – 29 986).

3. Мүшелік ұйымдардың қызметін жыл сайынғы бағалау жүйесінде жоғары балл (ұпай) жинаған келесі мүшелік ұйымдар көтермеленсін:

- «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» ҚБ;

- «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Павлодар облыстық ұйымы» ҚБ;

- «Астана қаласының білім беру қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ.

4. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының мүшелік ұйымдары қызметін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

4.1. Төмендегі тармақтар келесі редакцияда мазмұндалсын:

- «3.2. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары қызметін бағалауды анықтау критерийлері:»;

- «4.2. Қорытындылау кезінде қызметтің барлық бағыттары бойынша көрсеткіштер ұпайларға ауыстырылады, олардың нәтижелері бойынша Кәсіподақтың барлық мүшелік ұйымдары бағалау критерийлеріндегі (кестедегі) әрбір көрсеткіш бойынша сараланады. Есептеу объектілерді және бағалау өлшемшарттарын белгілейтін кесте бойынша жүргізіледі (осы Ережеге 1-қосымша).»;

- «4.3. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының қорытынды бағалау кестесіндегі ұпайлары (балдары) 1-қосымшада көрсетілген критерийлер бойынша жеке есептеледі.

Мүшелік ұйымдардың қызметі критерийлер бойынша жеке бағаланып, олар ұпайлар (балдар) сомасының өсу ретімен реттеледі.»

- «5.2. Бағалау қорытындысы бойынша ақшалай сыйлықақы төленетін 3 жүлделі орын белгіленеді. Бағалау нәтижесінде жүлдегерлер қатарына енбей қалған, бірақ негізгі блоктар бойынша жоғары ұпай жинаған мүшелік ұйымдар Кәсіподақтың Атқару комитетінің шешімімен ақшалай сыйлықақымен марапатталады.».

4.2. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының мүшелік ұйымдарының қызметін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы ережеге №1 қосымша жана редакцияда бекітілсін.

5. Салтанатты марапаттау рәсімі Орталық комитеттің кезекті Пленумында өткізілсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В. Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева